





«Қазақмыс сақтандыру компаниясы»
Акционерлік қоғамы

«Қазақмыс» СК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «28» желтоқсан
№ 110 хаттама шешімімен
Бекітілді

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ ПС-120-01		06 редакциясы
«ҚАЗАҚМЫС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ		
Әзірлеп жасалынған: <i>Андеррайтинг басқару бөлімінің бастығы - Полянская М.В.</i>		
Келісілген:		
Дата	Время	Ход исполнения
13.12.2023	17:51:42	Начальник управления андеррайтинга / Полянская М.В. > В работу
14.12.2023	11:33:26	Член Правления, Заместитель председателя Правления / Мухамедов И.Х. > Согласовано
14.12.2023	12:04:57	Представитель руководства по качеству / Белобродская А.С. > Согласовано
19.12.2023	09:10:01	Начальник управления страховых выплат / Естаев Т.Б. > Согласовано
20.12.2023	14:48:41	Заместитель председателя Правления / Сванкулова Е. > Согласовано (согласовано)
22.12.2023	15:57:22	Начальник службы комплаенс / Кембаева А. > Согласовано
25.12.2023	09:40:11	Начальник службы управления рисками / Керейбаева А.М. > Согласовано (Согласовано)
26.12.2023	13:57:16	Начальник отдела по правовой работе / Каналина К.Т. > Согласовано (Согласовано)
26.12.2023	14:32:03	Председатель Правления / Джангалиева А.А. > Подписать
Түпнұсқасы шығарылған:		
Андеррайтинг басқару бөлімінің бастығы  М. Полянская		
Сапа жөніндегі басшылық өкілі  А. Белобродская		

Алматы қаласы

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ.....	4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.....	4
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	5
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	7
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	8
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ.....	8
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	9
9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	10
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗІНДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС- ӘРЕКЕТІ.....	13
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ.....	13
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНУШЫҒА НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ МЕРЗІМІ	14
13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ НЕМЕСЕ ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ.....	16
14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	17
15. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	17
16. ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	18
17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	18
18. ҚОСЫМША ШАРТТАР	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 1.1. Осы «Қазақмыс» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы ережесі (бұдан әрі – сақтандыру ережесі) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 01 шілдедегі №444 «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) және өзге заңнамаларға және нормативтік актілерге сәйкес әзірленген.
- 1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру) мақсаты сақтандыру төлемін төлеуді жүзеге асыру арқылы оларды тасымалдау кезінде жолаушылардың мүліктік мүддесін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.3. «Қазақмыс» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының осы ереже шарттары негізінде бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын, тасымалдаушыны міндетті сақтандыру туралы шартты (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.
- 1.4. Жолаушыларды және олардың мүлкін темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлігімен және қалалық рельстік көлікпен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың - Қазақстан Республикасы резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады (бұдан әрі – Тасымалдаушы).
- 1.5. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралының әр бірлігі бойынша сақтандырылуға жатады.
- 1.6. Халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шартқа сәйкес сақтандыру шартын жасауға міндетті.
- 1.7. Осы Сақтандыру ережесінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) жәбірленуші – тасымалдауды жүзеге асыру кезінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жолаушы;
 - 2) жолаушы – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
 - 3) жолаушының мүлкі – тасымалдау кезінде зиян келтірілгені үшін тасымалдаушы жауап беретін жолаушының багажы және жолаушының өзімен алып жүретін қол жүгі;
 - 4) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 5) сақтандыру жағдайы – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 6) сақтандыру омбудсманы – "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 7) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 8) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 9) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 10) сақтандырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

- 11) сақтандырылушы – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 12) сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы болып табылады;
- 13) тасымалдаушы – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде, қалалық рельстік көлікті қоса алғанда, теміржол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлігі құралын иеленетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды және олардың мүлкін ақы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
- 14) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;
- 15) франшиза – сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату;
- 16) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

- 2.1. Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлктік мүддесі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

- 3.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі бөлек көрсетілуге және кемінде мынадай мөлшерлерді құрауға (айлық есептік көрсеткіштермен):
 - 1) әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:
қаза табуға – 5 000;
 - 2) мүгедектіктің:
I тобы белгіленсе – 5 000;
II тобы белгіленсе – 3 500;
III тобы белгіленсе – 2 500;
мүгедектігі бар балаға – 5 000.
 - 3) мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспауға;
 - 4) әрбір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспауға тиіс.
- 3.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша франшиза бір сақтандыру жағдайы және әрбір жәбірленуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес есе мөлшерін құрайды. Егер келтірілген зиян мөлшері белгіленген франшизаның мөлшерінен асып кеткен болса, онда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның сақтандыру төлемі франшизаны қолданбай жүзеге асырылады.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырған кезде көлік құралының әр бірлігі үшін жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері белгіленеді (айлық есептік көрсеткіштермен):

№ р/с	Көлік құралдарының атауы	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
1	Автомобиль көлігі	
	жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар:	
	жолаушылар орны 4-ке дейін қоса алғанда	3
	жолаушылар орны 4-тен 7-ге дейін, қоса алғанда	5
	жолаушылар орны 7-ден 16-ға дейін, қоса алғанда	11,5
	жолаушылар орны 16-дан 30-ға дейін, қоса алғанда	16
	жолаушылар орны 30-дан көп	23
	2) трамвайлар, троллейбустар	7
2	Әуе көлігі	
	1) ұшақтар	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда	400
	жолаушылар орны 50-ден 120-ға дейін	990
	жолаушылар орны 120-дан 200-ге дейін	2180
	жолаушылар орны 200-ден көп	3820
	2) тікұшақтар	135
3	Теңіз көлігі	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда	50
	жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін	100
	жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін	150

	жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін	300
	жолаушылар орны 300-ден көп	
4	Ішкі су көлігі	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда	17,5
	жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін	35
	жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін	50
	жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін	90
	жолаушылар орны 300-ден көп	160

- 4.2. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау бойынша іске асырылатын қызмет көрсетуден түскен, тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылу күшінің кезеңі ішінде тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша алған (алуға тиіс) кіріс сомасының 0,2 процентін құрайды, бір ай ішінде алынған (алынуға тиіс) кірістен ай сайынғы жарналар түрінде төленеді.
- 4.3. Сақтандыру шартын он екі айдан кем мерзімге жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері белгіленеді:

№ р/с	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайыз есебімен)
1	2	3
1	1 айға дейін, қоса алғанда	20
2	1 айдан 2 айға дейін, қоса алғанда	30
3	2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда	40
4	3 айдан 4 айға дейін, қоса алғанда	50
5	4 айдан 5 айға дейін, қоса алғанда	60
6	5 айдан 6 айға дейін, қоса алғанда	70
7	6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда	75
8	7 айдан 8 айға дейін, қоса алғанда	80
9	8 айдан 9 айға дейін, қоса алғанда	85
10	9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда	90
11	10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда	95
12	11 айдан жоғары	100

Осы тармақтың күші темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушымен жасасқан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына қолданылмайды.

- 4.4. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы осы сақтандыру ережесінің 4.2.-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша, бірақ тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңнің ішінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,5 процентінен аспайтын мөлшерге дейін ұлғайтуы мүмкін.
- 4.5. Теміржол тасымалынан басқа, жолаушылар тасымалының өзге де түрлерін жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы осы Заңның 4.2-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша ұлғайтуы мүмкін, бірақ ол 2 еседен аспауға тиіс.
- 4.6. Сақтанушы қалауы бойынша сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланумен сақтандыру шарты жасалған жағдайда, сақтандыру ережесінің осы бабына сәйкес есептелген, сақтандыру сыйлықақысын төлеуге жататын төлемнің он пайызынан артық емес мөлшерде жеңілдік берілуі тиіс.
- 4.7. Сонымен қатар, сақтандыру шартында жеңілдікті (егер бар болса) ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы және сақтандыру сыйлықақысының сомасы бірдей көрсетілуі тиіс.
- 4.8. Сақтандырушының интернет-ресурсты пайдаланбай өзге тәсілдермен, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезінде жеңілдікті ұсынуға жол берілмейді.
- 4.9. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақы төлемін сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма қол ақшасыз төлеуге мүмкіндік ұсынады.
- 4.10. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі және мерзімі сақтандыру шартымен белгіленеді.
- 4.11. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтанушы Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.
- 4.12. Егер сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу қарастырылған болса, онда сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлемесе, ол осы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіздеме болып табылмайды.
- 4.13. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыз айыбын төлеуге міндетті.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

- 5.1. Оларды тасымалдау кезінде жолаушылардың мүлкіне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 5.2. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға тәуекел және оның басталуы кездейсоқтығы белгілеріне ие болуы тиіс.
- 5.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізудің немесе жұмыстарды жүргізудің (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді қоспағанда,

жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

6.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін, сондай-ақ:

- 1) сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының залалдың тиісті өтемін залал келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;
- 2) Заңына көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;
- 3) жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіруі негіз болуы мүмкін.

6.3. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға уақтылы хабарламау немесе хабарламай қою, егер бұл дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайының басталғаны, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені туралы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса және мүлік бағалау үшін сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін.

6.4. Сақтандырушы мына жағдай салдарынан туған болса сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиациялық немесе радиоактивті улану әсерінің;
- 2) соғыс қимылдарының;
- 3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің.

6.5. Сақтандырушының осы сақтандыру ережесінің 6.1 - 6.5 -тармағында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

7.1. Сақтандыру шарты осы сақтандыру ережесіне сәйкес жәбірленуші деп танылған барлық тұлғаларға қатысты әрекет етеді.

7.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны төлем мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

7.3. Егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалды деп есептеледі.

- 7.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, осы сақтандыру ережесінің 7.6.-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, күшіне енгізілген күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге жасалады.
- 7.5. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші сақтандыру жағдайының басталуы бойынша қолданылуын тоқтатпайды.
- 7.6. Егер тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы 12 (он екі) айдан кем мерзім ішінде аяқталатын болса, онда тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты тек осы мерзімге ғана жасалады.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс.
Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.
Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы сақтандыру ережесімен белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 8.2. Сақтандыру шарты сақтандырушы электронды нысанда сақтандыру полисін рәсімдеу арқылы жасалады. Сақтанушының өтініші тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.
- 8.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетуге тиісті талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, ол дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 8.4. Сақтанушының қалауы бойынша тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушыға жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
- 8.5. Сақтандыру бойынша сақтандыру полисін рәсімдеу және мазмұны жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарында белгіленеді.
- 8.6. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.
- 8.7. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.
- 8.8. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен сақтандырушы, сақтандырушы және сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
- 8.9. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:

- 1) сақтанушыға тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;
- 2) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы сақтанушыны (сақтандырылушыны) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен электрондық хабар түрінде хабардар етуді;
- 3) сақтанушының (сақтандырылушының) жасалған тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
- 4) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
- 5) сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпараттың сақталуын;
- 6) сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға):
 1. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу;
 2. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 3. сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;
 4. келтірілген зиян мөлшерін айқындау;
 5. сақтандыру төлемін алу;
 6. осы ережесінің 16-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін қажетті электрондық нысандағы ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 8.10. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
- 8.11. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарламалардың тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.
- 8.12. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.
- 8.13. Сақтандыру агенттерінің тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтанушы (сақтандырылушының) құқылы:

- 1) сақтанушыдан сақтандырудың талаптарын, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

- 3) сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;
- 4) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық сақтанушыға ғана қолданылады);
- 5) сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Ереженің 16-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;
- 7) осы сақтандыру ережесінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.
- 8) Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа құқықтары да көзделуі мүмкін.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде осы сақтандыру ережесіне сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді сақтандырушыға ұсынуға;
- 2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап шұғыл түрде, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс. Сақтанушы мен сақтандырылушы бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылушының) дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда дұрыс және қолдан келетін шаралар алуға, оның ішінде мүлікті құтқаруға және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қолдануға;
- 5) сақтандыру жағдайы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;
- 6) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акті жасауға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.
- 8) Егер мүліктік сақтандыру (Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 834-бабының 1-тармағы) шарты әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға айтарлықтай ықпал ететін өзгерістер, шартты жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда айтарлықтай өзгерістері оған белгілі болғаны туралы Сақтандырушыға тез арада хабарлауға.
- 9) Заңында белгіленген мән-жайлар маңызды деп танылады.
- 10) Осы сақтандыру ережесінің 9.2-тармағының 4), 5) және 7) тармақшаларында аталған сақтанушының міндеттері сақтандыру жағдайы басталған сәтте көлік құралын тікелей жүргізген адамға жүктеледі.

9.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты беруін талап етуге;
- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтау үшін жәбірленушінің зақымдалған (жойылған) мүлкіне бағалау жүргізуге;
- 4) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 5) осы сақтандыру ережесінің 15-бабында көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюға;
- 6) осы сақтандыру ережесінің 6-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

9.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтанушыны (сақтандырылушыны) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
 - 2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөнінде мәліметтер ұсынуға;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабын көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін пайда алушыға ұсынуға;
 - 5) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
 - 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;
 - 7) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
 - 8) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
 - 9) сақтанушыға (сақтандырылушыға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;
 - 10) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
- Осы бөлімде Тараптардың құқықтары мен міндеттер тізімі жеткілікті емес, осы сақтандыру ережесінің басқа бөлімдерінде тараптардың жеке міндеттері қарастырылған.

9.5. Жәбірленушінің құқықтары:

- 1) сақтандырушыға сақтанушының (сақтандырылушының) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 2) сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтанушымен (сақтандырылушымен) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға беруге;
- 3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 4) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабымен танысуға;
- 5) осы сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Ереженің 16-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 7) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 8) келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерінде келтірілген зиянды өтеу туралы тасымалдаушыға талап қоюға құқылы.
Осы сақтандыру ережесінде көзделген жайларда, жәбірленушінің құқықтары пайда алушылар ретінде әрекет етуші өзге тұлғаларға өтеді.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗІНДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

- 10.1. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталуы туралы оған белгілі болғаннан кейін сақтандырушыға жеткілікті тәсілмен оның басталуы туралы (ауызша, жазбаша) тез арада, бірақ 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті.
Ауызша нысандағы хабарлама кейінірек (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуы тиіс.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

- 11.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларды тасымалдау кезінде олармен жолаушылардың мүлкіне келтірілген зиян мөлшерін дәлелдеу сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктеледі.
- 11.2. Сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.
- 11.3. Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші сақтандырушы қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.
- 11.4. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
 - 1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;
 - 2) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы жасаған акті;
 - 3) жолаушыға билет берілген жағдайда - жол жүру билеті немесе оны алмастыратын құжат (билеттерді сату) ведомосының немесе билет түбіртегінің тасымалдаушы растаған

- көшірмесі) немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ресімделген куә айғақтары;
- 4) жәбірленушіге еңбекке уақытша қабілетсіздіктің мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелердің мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;
 - 5) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама және пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі) – жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;
 - 6) жәбірленушінің жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің тізбесі - мүлікке зиян келтірілген жағдайда;
 - 7) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылушының) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар - олар болған кезде.
- 11.5. Тасымалдаушы жасаған көліктегі сақтандыру жағдайы туралы актіде мынадай мәліметтер болуға тиіс:
- 1) жәбірленушінің тегі, аты, әкесінің аты;
 - 2) көлік түрі;
 - 3) рейс нөмірі, поезд нөмірі, кемеңің атауы және т.с.с;
 - 4) жол жүру бағыты;
 - 5) жәбірленушіде болған жол жүру билетінің сериясы және нөмірі;
 - 6) сақтандыру жағдайының басталу орны, күні және уақыты;
 - 7) жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зақымдардың сипаты;
 - 8) жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зақымдардың сипаты;
 - 9) сақтандыру жағдайының мән-жайына қысқаша сипаттама;
 - 10) тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті органның атауы;
 - 11) жәбірленуші жіберілген медициналық мекеменің атауы және орналасқан жері;
 - 12) көлік ұйымы не көлік құралы басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
 - 13) тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
 - 14) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, тасымалдаушының мөрі.
- 11.6. Құжаттардыкерлік субъектілерінрушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылдаған күнді көрсете отырып анықтама беруге міндетті.
- 11.7. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электронды нысанда жіберген жағдайда, сақтандырушы оған бұл анықтаманы электронды нысанда ұсынуы мүмкін.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНУШЫҒА НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ МЕРЗІМІ

- 12.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы сақтандыру ережесінің 11-бабында көзделген құжаттарды өзі алған күннен бастап жеті жұмыс күн ішінде жүргізіледі;
- 12.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген, қайтыс болуға немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан зиян үшін сақтандыру төлемі осы сақтандыру ережесінің 3-бабында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің шекті мөлшерінде жүзеге асырылады. Жолаушының өмірі мен денсаулығына тасымалдау кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі тасымалдаушының кінәсіна қарамастан өтеуге жатады.
- 12.3. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеп беруге құқылы тұлға), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқығы бар тұлға) келтірілген зиянды осы Ережемен белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі

- шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.
- 12.4. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеттіруге құқығы бар тұлғаларға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаға қатыссыз жүзеге асырылады;
- 12.5. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ;
- 12.7. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға оның қайтыс болуына, еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуына байланысты зиянның материалдық көрінісі жатады.
Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде осы сақтандыру ережесіне сәйкес сәйкес айқындалады.
- 12.8. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян жолаушының тасымалдаушы тасымалдауға қабылдап алған және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы), тасымалдау кезінде жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің (багаж) құнын қамтиды.
Багаж және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар тасымалдаушының кінәсінен жоғалған, жетіспеген және (немесе) зақымдалған (бүлінген) кезде келтірілген зиянның мөлшері мынадай түрде:
- 1) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген багаждың және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттардың құны мөлшерінде;
 - 2) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар зақымдалған (бүлінген) жағдайда - олардың төмендеген құны сомасының мөлшерінде, ал зақымдалған багажын, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттарды қалпына келтіруге мүмкіндік болмаған кезде - олардың құны мөлшерінде;
 - 3) тасымалдауға құны жарияланып тапсырылған багаж жоғалған жағдайда - багаждың жарияланған құны мөлшерінде айқындалады.
- 12.9. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ тасымалдау кезінде жолаушылардың мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктеледі.
Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінен келтірілген зиян мөлшері бойынша сақтанушының жазбаша өтініші немесе оның өкілін анықтайды.
- 12.10. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған бағалаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші зиянның мөлшерін бағалау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүгінуге құқылы. Сонымен қатар, сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші шеккен шығындар, егер жүргізілген бағалаудың негізділігі мен объективтілігін сақтандырушы мойындаса немесе сот белгілейтін болса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің жүзеге асырылғанына қарамастан, өтеуге тиіс.
- 12.11. Егер сақтанушы немесе тәуелсіз сарапшы өздері сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарды алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлікті тиісті қарауды және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды сақтандыру актісін жасай отырып жүргізбеген болса, онда сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға және мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастауға құқылы. Сонымен қатар, сақтандырушы, егер зақымдалған (жойылған) мүлікті уақтылы бағалаудың мүмкін болмағандығы дәлелді себептерге (осы мүлік иесінің қайтыс болуы, сырқаттануы) байланысты екендігін не

сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің мүлікті бағалауға ұсынудан жалтаруына байланысты кінәсі бар екендігін дәлелдей алмаса, мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелеріне дау айтуға құқылы емес.

- 12.12. Сақтандыру төлем мөлшерін есептеу үшін сақтандыру жағдайы орын алған күніне Қазақстан Республикасы заңдық актілерінде белгіленген АЕК қолданылады.
- 12.13. Сақтанушының (сақтандырылушының) шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тиісті шаралар сәтсіз болғанның өзінде, сақтандырушының өтеуіне жатады.
Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерінде өтеледі. Аталған шығыстарды сақтандырушы шығынға ұшыраған адамға тікелей өтейді.
- 12.14. Сақтандыру сомасы келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жетпеген кезде тасымалдаушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырмашылықты өтейді.
- 12.15. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға сақтандырушы бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған шығыстарды өтейді.
- 12.16. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне пайда алушы дау айтқан жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы сақтандыру ережесінің 12.1-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі қарсылық білдірмеген бөлігінде шұғыл түрде жүзеге асыруға міндетті.
Сақтандыру төлемінің дау айтылған бөлігін сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, не, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.
- 12.17. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.
- 12.18. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыз айыбын төлеуге міндетті.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ НЕМЕСЕ ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

- 13.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы сақтандыру ережесінің 11-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей шешім қабылдайды.
- 13.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде өтінішті және барлық құжатты алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

- 14.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 14.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның мұрагері (мұрагерлері) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.
- 14.3. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан және осы сақтандырушымен сақтандырудың жаңа шартын жасасқан кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

$ССБ = СС * n/N$, мұнда:

ССБ – сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);
 СС – тасымалдаушыны міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);
 n – тасымалдаушыны міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап, өтініш жасалған күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан күнге дейін өткен мерзім (күнмен);
 N – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен).

- 14.4. Осы баптың 14.3-тармағында көзделген шарттар сақталмаған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін тасымалдаушының шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

№ р/с	Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзім	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3
1	1 айды қоса алғанға дейін	20
2	1 айдан 2 айды қоса алғанға дейін	30
3	2 айдан 3 айды қоса алғанға дейін	40
4	3 айдан 4 айды қоса алғанға дейін	50
5	4 айдан 5 айды қоса алғанға дейін	60
6	5 айдан 6 айды қоса алғанға дейін	70
7	6 айдан 7 айды қоса алғанға дейін	75
8	7 айдан 8 айды қоса алғанға дейін	80
9	8 айдан 9 айды қоса алғанға дейін	85
10	9 айдан 10 айды қоса алғанға дейін	90
11	10 айдан 11 айды қоса алғанға дейін	95
12	11 айдан жоғары	100

15. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда құқылы:
 - 1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекетін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;

- 2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мастық күйі жүргізуі салдарынан басталса;
 - 3) көлік құралын жүргізуші адамның оны жүргізу құқығы болмаса;
 - 4) соттың істі қарау барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы сақтанушының (сақтандырылушының) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;
 - 5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;
 - 6) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған кезде кері талап қоюға.
- 15.2. Егер осы сақтандыру ережесінің 15.1-тармағында аталған жағдайларда келтірілген зиянға көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей пайдаланған тұлға кінәлі болып табылса, онда сақтандырушының осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқығы бар.
- 15.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап құқығы ауысады.

16. ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- 16.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы):
- 1) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге, ия болмаса
 - 2) сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.
- 16.2. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.
- 16.3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 17.1. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады

18. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 18.1. Сақтандыру ережесінде қамтылған және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген, егер шартта тікелей осы ережелерді қолдануға сілтейтін және шартта баяндалған ереже ия болмаса оған қоса тіркелген шарттар тараптар үшін міндетті. Соңғы жағдайда шарт жасау кезінде сақтандыру ережесін Сақтанушыға ұсыну тараптармен шартта куәландырылған болуы тиіс.